

АИҚЫН

Айтылмаған ақиқат



1979 жылы қазіргі Астана, бұрынғы Ақмола, сол кездегі Целиоград қаласында неміс автономиясын құруға байланысты қазақ жастарының ереуілі бұрқ ете қалғаны – шын мәнінде ұлттық демократиялық процестердің бастауы болды ма, жоқ оны Кремльдің өзі әдейі ұйымдастырған саяси ойын ба? Әлемдік алып держава – КСРО секілді алпауыт ел сол кезде неге немістердің өздері керек етпеген неміс автономиясын құруға құштар бола қалды? Ол үшін неге қазақ жері таңдалды? Ең қызығы, немістердің өздері керек қылмаған Неміс автономиясын құруға қарсы шыққан қазақ жастарының ереуілін ұйымдастырған да мұнаралы Мәскеудің нақ өзі еді. Ендеше, Кремль өз жобасына өзі неге қарсы шықты? Жалпы, бұл жобаның иесі кім? Мұның бәрінің астарлы ақиқатын аршымақ болсаңыз, күрмеулі жіп ұшы КСРО-ның бірден-бір қарсыласы болған алпауыт ел АҚШ мемлекеті бастаған Батыс елдеріне барып тіреледі. Сондықтан Ақмоладағы ереуілдің ақиқатын аршу үшін алыстан орағытуға тура келеді.

АҚШ президенті Ричард Никсонның билігі тұсында 1971 жылы АҚШ долларын алтынға айырбастауға тыйым салынғаны белгілі. Осылайша, 26 жыл бұрын, яғни 1944 жылы Американың Бреттон-Вудс қаласында 44 мемлекет басшыларының қатысуымен жасалған доллардың алтынмен қамтамасыз етілу келісімі ойда-жоқта бұзылды. Сөйтіп, доллар

алтынмен эквивалентін жойды да, 1971 жылы әлемдік валюта жүйесінің қиыннан қиыстырылған жаңа дәуірі басталды. Осылайша, Нью-Йорк биржасы мен Лондон Ситидің арасындағы 5570 шақырым жерге Атлант мұхиты астымен қаржы ағымының қызметін жандандыру үшін өте құпия түрде суперкабель тартылды. Лондон Сити дегеніміз – Римдегі Ватикан секілді Лондонның орталығындағы өз алдына қала-мемлекет. Жекеменшік корпорация. Әлемнің қаржы орталығы және Жер бетінің ең бай шаршы аумағы. Былайша айтқанда, әлемнің Тәжі. Ол жерде Ротшильдер басқаратын Англия банкі, сондай-ақ шетелдер мен Америка банктерінің филиалдары, жаһандық масондықтың бас штабы орналасқан. Өзінің заңы, өзінің соты, өзінің гербі мен полициясы бар. Бұл аумақ Лондонға да, Британияға да қарамайды. Ешкімге салық төлемейді. Осы секілді әлемдік экономиканың үш негізгі орталығы бар. Олар: Нью-Йорк, Лондон және Токио. Енді төртеу түгел болуы үшін Токио биржасы мен Лондон сити аралығында суперкабель жер астымен тартылу қажеттігі туындады. Мұның жай-жапсарын түсіндіру үшін өткен аптада «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген Бейбіт Сапаралының «Мәңгілік елдің мәні мен мағынасы» атты мақаласына жүгіне кетелік. «Алайда Бреттон-Вудс келісіміне ресми қол қоймаған КСРО жері, нақтырақ айтсақ, Қазақ КСР байтақ дала-сы арқылы 5-7 мың шақырымды қам-тып өтетін бұл халықаралық қаржы күретамыры таңсәріде Токиода басталған биржа жұмысын жағрафиялық тұрғыдан бақандай 10 сағатқа тоқтаттырып тастайтын. Бүйірден қосылған Гонконг, Шанхай, Сингапур биржалары да ортадағы орасан олқылықты толтыра алмайтын. Ротшильдт, Рокфеллерлер әулеті өздері қаржыландырған жоба КСРО басшыларына Сыртқы істер министрі А.Громыко арқылы Бильдерберг тобы басқосуында қаншама мәрте қыспаққа салып, қолқалағанымен аталмыш мәселе жылдар бойына шешімін таппай босқа қалды. Ақыры 1979 жылы жазда СОКП Орталық Комитетінің саяси бюросының «Ерейментау астанасымен Неміс автономиясын құру» жөнінде құпия қаулысы қабылданды. Алайда Сталиннің тұсындағы Қазақстанды басқарған қайраткерлердің және одан кейінгі тарихи тұлғалардың Андропов, Суслов секілді Саяси бюро мүшелерін үгіттеп көндіруімен ФРГ сұрауымен деген желеумен Неміс автономиясын құру жөнінде қаулысы шығарылды да, астыртын түрде қазақ студент жастарын мыңдап Целиноград көшелеріне әдейі шеру ұйымдастыртқызуымен қаулының қайтадан күшін жойғызып, ешкімді жазаламастан өсіре өтірік ақпараттар беріп Батыс алпауыттарын біраз заман тыныштандырып қойды. Әйтпегенде, Неміс автономиясы дербес жаһандық қаржы орталығына айналып, қазақ мемлекеттігінің жақын болашақта парша-паршасын шығаратын еді» (Б.Сапаралы «Мәңгілік елдің мәні мен мағынасы», «Қазақ әдебиеті» №12, 2016 ж.)

Міне, көрдіңіз бе, Қазақ жерін сол кезде жаһандық бөлшектенуден Құдай қалай сақтап қалған.

«КГБ және билік» деген кітабында КГБ-ның бұрынғы генералы Ф.Бобков (сол кезде Мәскеуден келген) Неміс автономиясын құруға байланысты Димаш Ахметұлы Қонаевпен арада келіспеушілік туындағанын айтады. Қонаев немістердің өзі Қазақстандағы автономияны қаламай отырғанын, сонда да КГБ-ның, яғни Мәскеудің бұл идеяны қайта-қайта тықпалай беретінін түсінбейтініне кейиді. Осыған қарағанда, КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі болған Қонаевтың өзі КГБ-ның бас чекісті Ю.Андроповтың бұл жобасының Батыс елдерін алдарқату үшін жасалған саяси ойыны екенін сол кезде білмеген. Білсе, естеліктерінде ашып жазар еді. Ал Қонаевтың өзі білмесе, одан төменгілердің оның түп астарынан мүлдем хабарсыз болғаны анық. Сонымен, Ақмоладағы ереуіл қалай болып еді? 1979 жылдың 31 мамырында СОКП Орталық комитеті Қазақстанда «Неміс автономиялық облысын» құру туралы құпия қаулы шығарады. Ол БАҚ құралдарында айтылмайды, газет беттерінде жарияланбайды. Құпия түрде шекара мәселесі шешіледі. Целиноград облысының Слеті ауданы, Павлодар облысының Ертіс ауданы, Көкшетау облысының Уәлиханов ауданы, Қарағанды облысының Молодежный ауданының Молодежный поселкелік кеңесі, Дальный,

Пролетар, Родников, Тельман және Шідерті селолық кеңестерін біріктіру көзделіп, автономиялық облыстың орталығы ретінде Целиноград облысының Ерейментау қаласы таңдалады. Халық саны 200 мың адам, оның 30 мыңын немістер құрайтын болады.

Көп ұзамай аудандық дәрежедегі Ерейментау қаласы барынша тәртіпке келтіріледі. Көшелерге КСРО мен Қазақстанның тулары ілініп, Неміс автономиялық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалғалы отырған неміс ұлтының өкілі Андрей Браун (ол кезде Краснознамен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы) мен болашақ автономияның өзге де сорпа бетіне шығарларының портреті ілінеді. Ерейментауға Республика Компартиясы Орталық комитеттің идеология жөніндегі екінші хатшысы А.Коркин бастаған 13 министр жиналады. Кәсіпорындарда кеңес немістерінің мемлекеттілігін қалпына келтірудің пісіп-жетілгені жөнінде еңбекші ұжымдарымен жиналыстар өткізіліп, қызу дайындық басталады. Жұрт түгел құлақтанып, бұған қарсы алдымен листовкалар таратыла бастайды. Қазақ жастары ашуға мінеді. 1979 жылдың 16 маусымы күні таңертеңгі сағат ондар шамасында «Қазақстан бөлінбейді», «Немістерге ұлтарактай жер бермейміз», «Халықтар достастығы жасасын!» деген ұрандар жазылған плакаттар көтерген кәрі-жас Ленин атындағы орталық алаңға жинала бастайды. Бес мыңдай адам жиналған қызу митинг басталады. Микрофонмен қазақ жастары өздерінің наразылықтарын ашық білдіреді. Арандатпақ болған біреулер Ауыл шаруашылығы институтында оқитын студент-немістерді алаңға контрмитинг өткізу үшін жинап әкеледі. Бірақ оған мектеп пен институт мұғалімдері жол бере қоймайды. Жастар Кремльдің жөнсіз қаулысы жойылмайтын болса, 19 маусым күні алаңға қайта шығатындықтарын қатаң ескертіп, үш күнге мұрсат береді. 19 маусым күні ішінде соғыс және еңбек ардагерлері, жұмысшылар мен студенттер бар 20 мыңдай адам алаңға қайта жиналады. Жұрттың ашуынан сескенген Целиноград обкомының бірінші хатшысы Николай Морозов пен облыстық атқару комитетінің төрағасы Жұмахметов КГБ-ның облыстық басқармасын да көтермей, милиция нарядын, әскерилерді де шақырмай, ашынған топтың алдына өздері шығады. Бұл кезде қазақпен бірге немістің де қарсы болып жатқанынан Кремль құлақтанып, оқиға барысын қызу талқылап жатқан-ды. Мәскеуден тікелей хабар-ошар алып отырған Морозов автономияның құрылмайтынын жариялауға мәжбүр болды. Жұрт жеңіске жетіп, Мәскеудің беті қайтты. Халық тынышталды. Дегенмен, кейбір деректерде 22 маусым күні, тіпті неміс қаны төгілгені (4 адам жараланғаны және өлгені) айтылады. Орталық комитеттің екінші хатшысы А.Коркин қызметінен шеттетіліп, облыстық Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшылары Н.Маринкин мен И.Ахмедин жауапқа тартылады. Бірақ шенеуніктер жазаланбайды. Оқудан шығарылған студенттер де тез арада оқуға қайта қабылданады. Осының өзі де құпиядан хабар береді. Неміс автономиясын құру идеясы қос Германия – ГДР мен ФРГ-ның табанды өтінішінен соң пайда болды деген КГБ-ның жалған мәліметіне әлі күнге алданып келеміз. Және бұл КСРО-ның Батысқа қарай ағылып жатқан неміс көшін тоқтату үшін жасаған амалы да емес еді. Шын мәнінде Неміс автономиясы кеңестік немістерге емес, жаһандық алпауыттар үшін, олардың қаржы орталығын құруы үшін қажет болған еді. Ал бұған қарсы амал ретінде КСРО КГБ-сы әлем мен қос Германияға кеңес үкіметінің кеңестік немістерге деген «асқан мейірімділігін», оған өзін-өзі билеуші халықтың қарсы шыққанын көрсеткен болды.

Қорыта айтқанда, кезінде шетелдік баспасөздерді шулатқан бұрынғы Целиноград, қазіргі Астана жастарының бас көтеруі халқымыздың рухын көтеріп, еліміздегі ұлттық-демократиялық процестердің бастауы болды дегенімізбен, оның тек-түбінің жоғарыда айтқанымыздай көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын құпия астары бар.